

Шектеу іс-шараларын алу және Жабасақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Жабасақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 7665 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 12 қарашадағы № 2-8/120 ұсынысы негізінде, Жабасақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жабасақ ауылдық округі Аққұм ауылы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Жабасақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 2 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6747 болып тіркелген, 2020 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Әйтеке би ауданының "Жабасақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жабасақ ауылдық округінің әкімі

А. Акмурзин